



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 756 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 886 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 756 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ "жүзеге асыру" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік монополияға жатқызылатын салалардағы қызметті жүзеге асыру (өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызмет көрсету)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі